

# Қазақстан 2024




## Ерте жастағы балалардың дамуы

Мультииндикаторлық  
кластерлік зерттеу

Оқуға көмектесу



### Ерте ынталандыру және мейірімді күтім



Соңғы үш күн ішінде әкесі, анасы немесе отбасының ересек мүшесі оқу мен мектепке дайындауға ықпал ететін іс-әрекеттермен айналысқан 2-4 жас аралығындағы балалардың пайыздық үлесі.


Ескерту: бұл іс-әрекеттерге балаға кітап оқу, ертегі айту, ән айту, серуендеу, бала ойнау, заттарды атау, санау немесе сурет салу жатады.

Ерте балалық шақ – когнитивтік, әлеуметтік, эмоциялық және физикалық дамуға шешуші әсер ететін 8 жасқа дейінгі кезең. Бұл жылдары баланың дамып жатқан миы өте икемді болып, өзгерістерге бейім келеді. Кішкентай балалардың толыққанды дамуы үшін ынталандырушы тәрбиелік орта, кітаптар мен оқу материалдарына қолжетімділік, мейірімді әрі зейінді тәрбиешілермен өзара әрекет, дұрыс тамақтану, сапалы ерте балалық білім алу мүмкіндігі, сондай-ақ қауіпсіздік пен қорғау қажет. Ортаның осы барлық аспектілері баланың дамуына үлес қосады.

Кедейлік, нашар денсаулық, отбасындағы және қоршаған ортадағы жоғары стресс деңгейі, зорлық-зомбылық, қорлау, елемеу мен қанау, сондай-ақ тиісті қамқорлық пен білім беру мүмкіндігінің болмауы сияқты тәуекел факторларымен бетпе-бет келетін балалар теңсіздікке ұшырап, даму әлеуетін толық аша алмауы мүмкін.


Ерте балалық шаққа инвестиция салу – әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен балаларға жағымсыз жағдай тудыратын алшақтықты азайтудың ең маңызды әрі экономикалық жағынан тиімді жолдарының бірі.

### Ерте оқыту бағдарламаларына қатысу



Жалпы сипаттамалар бойынша ерте оқыту бағдарламаларына қатысатын 36-59 айлық балалардың пайыздық үлесі.

Ойын және оқу материалдарына қолжетімділік



Ойын және оқу материалдарына қолжетімділік бойынша бес жасқа дейінгі балалардың үлесі.


Балаларға тиісті емес қадағалау

| Өңір            | Жеткіліксіз қадағалау | Өңір                | Жеткіліксіз қадағалау |
|-----------------|-----------------------|---------------------|-----------------------|
| Ұлттық          | 6,5                   | Ұлттық              | 6,5                   |
| Абай            | 2,8                   | Қызылорда           | 13,8                  |
| Ақмола          | 1,3                   | Маңғыстау           | 13,4                  |
| Ақтөбе          | 2,8                   | Павлодар            | 5,9                   |
| Алматы          | 10                    | Солтүстік Қазақстан | 4,8                   |
| Атырау          | 7,2                   | Түркістан           | 9,5                   |
| Батыс Қазақстан | 0                     | Ұлытау              | 16,3                  |
| Жамбыл          | 4,9                   | Шығыс Қазақстан     | 4,7                   |
| Жетісу          | 8.1                   | Астана қаласы       | 2,6                   |
| Қарағанды       | 2,3                   | Алматы қаласы       | 1,7                   |
| Қостанай        | 5,2                   | Шымкент қаласы      | 4,4                   |

Өңірлер бойынша соңғы аптада кемінде бір рет бір сағаттан артық жалғыз немесе 10 жасқа дейінгі басқа баланың қарауында қалған бес жасқа дейінгі балалардың үлесі.

Ерте жастағы балалардың даму индексі (ЕЖБДИ)

ЕЖБДИ2030: Жіктелуі, ТДМ 4.2.1



ЕЖБДИ – әртүрлі сипаттамалар бойынша  
ЕББ = Ерте балалық білім беру  
Ескерту: анасының білімі жоқ және ерте оқыту мекемелеріне қатыспайтын балалар бойынша деректер 25–49 жас аралығындағы аналардың өлшенбеген жағдайларына негізделген.  
( ) көрсеткіштер 25–49 өлшенбеген бақылауларға негізделген

Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС) Қазақстанда 2024 жылы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) техникалық қолдауымен Халықаралық MICS бағдарламасы аясында Ұлттық статистика бюросымен жүргізілді. Қаржылай қолдауды ҰСБ, ЮНИСЕФ, ЮНФПА және АДБ қамтамасыз етті.

Осы шолудың мақсаты – Қазақстанда 2024 жылы жүргізілген МИКС шеңберіндегі ерте жастағы балалардың дамуына қатысты кейбір нәтижелерді тарату болып табылады. Осы шолуда ұсынылған деректер MICS зерттеу нәтижелері туралы есептегі TC.9.1., TC.9.2, TC.9.3, TC.10.1 және LN.1.1 кестелерінен алынған.

Басқа статистикалық шолулар мен осы және басқа зерттеулер бойынша қорытынды есептерді [mics.unicef.org/surveys](https://mics.unicef.org/surveys) сайтынан табуға болады.